

А.М. Азмұханова¹, М.Ш. Эгамбердиев^{2*}

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана, E-mail: aiaz67@mail.ru

²тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы, E-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС АЙМАҚТАРЫНЫҢ ӘУЛИЕ ТҮЛҒАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ САКРАЛДЫ КЕҢІСТІКТЕРІ: МӘДЕНИ МҰРА, РУХАНИ БІРЕГЕЙЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Қазақстанның батыс өңірлеріндегі әулиелер – ишандар, хазіреттер, ахундармен байланысты сакральды кеңістіктер мәдени және діни өмірде маңызды орын алады, олар рухани тазарту, ғибадат және дәстүрлерді сақтау орталықтары болып табылады. Мұндай орындар, мысалы, қасиетті мазарлар, кесенелер мен мешіттер, жергілікті әулиелердің культімен тығыз байланысты, олардың өмірі мен іс-әрекеттері руханилық пен моральдық құндылықтардың үлгісі болып табылады. Бекет Ата, Шопан Ата, Сисем Ата, Ұшқан Ата, Қошқар Ата қорымы, Арықпан Ата, Арыстан Ата, Ахон Ата және басқа да әулиелермен байланысты культтік орындардың ерекше маңызы бар, олардың кесенелері мен қасиетті орындары қажылық пен рухани тазартудың маңызды орталықтарына айналды. Сондай-ақ, «Қыз әулие», Тақсай ханшайымы, «Керік күмбезі», Сыпайы әже, Аймекен, «Ғалия әулие» тағы басқа да қасиетті әйелдерге тағзым мазмұны, оның психо-логиялық, тарихи, әлеуметтік аспектілері нақтыланады. Әулиелерді құрметтеу жергілікті қауым-дастықтардың әлеуметтік сәйкестігін нығайтуға, рухани дәстүрлерді ұрпақтан-ұрпаққа сақтауға және жеткізуге ықпал етеді. Сакральды объектілер тек діни қызметтерді орындап қана қоймай, сондай-ақ әлеуметтік бірліктің символына айналып, адамдарды ортақ нанымдар мен тарихи естеліктер арқылы біріктіреді. Бұл орындардың жергілікті билікті қалыптастырудағы рөлі де маңызды, өйткені олардың көпшілігі белгілі діни тұлғалармен байланысты, олардың есімдері мен істері халықтың ұжымдық жадысында сақталады. Қазақстанның батыс аймақтарының сакральды кеңістіктерін зерттеу олардың өңірдің мәдени және рухани ландшафтындағы көпқырлы маңызын ашуға, сондай-ақ жергілікті қауымдастықтардың мәдени байланыстарын және рухани практика-ларын сақтау рөлін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуде сакральды объектілер мен олардың рухани және әлеуметтік сәйкестікті қалыптастырудағы рөлінің өзара байланысын талдауға ерекше назар аударылады, бұл этнографиялық зерттеулерді, тарихи, археологиялық және жазба дереккөздерін талдауды қамтитын кешенді әдісті қолдануды талап етеді.

Кілт сөздер: сопылық, Қазақстан тарихы, әулиелер, сакральды кеңістік, мұралар.

Алғыс айту: Жұмыс «Ясауи мұрасына жаңа көзқарас: қазақ дәстүрі мен Орталық Азиядағы сопылық тарихындағы әулие феноменін кешенді зерделеу» (ЖТН № АР19675718) мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру аясында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен орындалды.

Азмуханова А.М. ¹, Эгамбердиев М.Ш. ^{*2}

¹кандидат исторических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, Астана, E-mail: aiaz67@mail.ru

²кандидат исторических наук,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, Алматы,
E-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com



САКРАЛЬНЫЕ ПРОСТРАНСТВА В ЗАПАДНЫХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА, СВЯЗАННЫЕ С ЛИЧНОСТЯМИ СВЯТЫХ: ПРОБЛЕМЫ КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ И ДУХОВНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Аннотация

Сакральные пространства в западных регионах Казахстана связанные со святыми ишанами, хазретами, ахунами занимают центральное место в культурной и религиозной жизни, являясь важными центрами духовного очищения, поклонения и сохранения традиций. Места, такие как святые могилы, мавзолеи и мечети, тесно связаны с культом местных святых, чьи жизни и деяния служат образцами духовности и моральных устоев. Особое значение имеют культовые места, связанные с такими святыми, как Бекет Ата, Шопан Ата, Сисем Ата, Ушкан Ата, некрополь Кошкар Ата, Арыкпан Ата, Арыстан Ата, Ахон Ата и другие, чьи мавзолеи и святые места становятся важными центрами паломничества и духовного очищения. Почитание этих святых способствует укреплению социальной идентичности местных общин, поддержанию и передаче духовных традиций через поколения. Сакральные объекты не только выполняют религиозные функции, но и становятся символами социальной сплоченности, объединяя людей вокруг общих верований и исторической памяти. Роль этих мест в формировании местной власти также является значимой, поскольку многие из них связаны с известными религиозными деятелями, чьи имена и дела остаются в коллективной памяти народа. Исследование сакральных пространств западного Казахстана позволяет раскрыть их многогранное значение в культурном и духовном ландшафте региона, а также выявить их роль в поддержании культурных связей и духовных практик местных общин. Особое внимание в исследовании уделяется анализу взаимосвязи между сакральными объектами и их ролью в формировании духовной и социальной идентичности, что требует применения комплексного подхода, включающего этнографические исследования и анализ исторических, археологических и письменных источников.

Ключевые слова: суфизм, история Казахстана, святые, сакральные пространства, наследие.

Благодарность: Работа выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан в рамках программно-целевого финансирования «Новый взгляд на наследие Ясави: комплексное осмысление феномена «аулие» в казахской традиции и истории суфизма в Центральной Азии» (ИРН № AP19675718)

Azmukhanova A. ¹, Egamberdiyev M. ^{*2},

¹Candidate of historical sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana.
E-mail: aiaz67@mail.ru

²Candidate of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
E-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com

SACRED SPACES IN THE WESTERN REGIONS OF KAZAKHSTAN CAUSED BY PERSONALITIES OF SAINTS: PROBLEMS OF CULTURAL HERITAGE AND SPIRITUAL IDENTITY

Abstract

Sacred spaces in the western regions of Kazakhstan occupy a central place in the cultural and religious life, serving as important centers for spiritual purification, worship, and the preservation of traditions. Such sites, including holy graves, mausoleums, and mosques, are closely associated with the cult of local saints, whose lives and deeds serve as examples of spirituality and moral values. Special significance is attached to sacred sites related to saints such as Beket Ata, Shopan Ata, Sisem Ata, Ushkan Ata, Koshkar Ata Necropolis, Arykpan Ata, Arystan Ata, Ahon Ata, and others, whose mausoleums and holy places become major centers of pilgrimage and spiritual purification. The veneration of these saints contributes to the strengthening of the social identity of local communities, as well as the maintenance and transmission of spiritual traditions across generations. Sacred sites not only fulfill religious functions but also serve as symbols of social cohesion, uniting people around common beliefs and historical memory. The role of these sites in the formation of local authority is also significant, as many of them are associated with renowned religious figures whose names and deeds remain in the collective memory of the people. The study of sacred spaces in western Kazakhstan reveals their multifaceted significance in the cultural and spiritual landscape of the region, as well as their role in maintaining cultural connections and spiritual practices within local communities. Special attention in the research is given to analyzing the interconnection between sacred sites and their role in shaping spiritual and social identity, which requires the application of a comprehensive approach, including ethnographic studies and the analysis of historical, archaeological, and written sources.

Keywords: Sufism, history of Kazakhstan, saints, sacred spaces, heritage.

Acknowledgement: *The work was carried out with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (IRN AP 19675718) within the framework of program-targeted funding «A new vision on Yasawi heritage: comprehensive understanding of Auliye phenomenon in Kazakh tradition and history of Central Asian Sufism»*

Кіріспе. Қазақстанның батыс аймағындағы әулиелерге тағзым ету феномені – ислам дәстүр-лері мен түркі халықтарының ежелгі нанымдарының тоғысында қалыптасқан ерекше құбылыс. Әулиелер культі осы аймақтың діни және мәдени өмірінің маңызды бөлігіне айналып, оның негізінде ата-бабаларға және әулиелерге құрмет көрсететін исламның сопылық дәстүрі жатыр. Қазақстанда ислам дінінің таралуынан бұл аймақта ислам ілімдерін жергілікті нанымдарға бейімдеу нәтижесінде синкретизм қалыптасты. Синкретизм ислам мен исламға дейінгі наным-сенім дәстүрлерін біріктірді [1]. Осы үрдіс нәтижесінде аймақта көптеген қасиетті орындар зиярат ету және әулиелерге табыну нысанына айналды, ал әулиелер халық арасында шапағатшы әрі рухани қамқоршы ретінде әйгілі болды.

Қазақстанның батыс өңіріндегі сопылық дәстүрдің маңызды тұлғаларының бірі әрі бірегейі – XVIII ғасырда өмір сүрген Бекет-Ата. Ол әйгілі әулие, сопы, емші және рухани ұстаз ретінде танымал. Үстірттегі оның кесенесі Қазақстанның батысындағы ірі зиярат орындарының біріне айналды, бұл жерге адамдар денсаулықты қорғау және рухани күш алу мақсатында баратыны белгілі. Қожаназар-Ата кесенесі де қасиетті орын ретінде зор маңызға ие, мұнда сенушілер рухани қолдау мен бата сұрап келеді. Маңғыстау облысында құрметтелетін тағы бір әулие – Ұшқан-Ата. Ол аңшылар мен балықшылардың қамқоршысы ретінде танылған және рухани қорғаушының символы саналады. Ал Шопан-Ата кесенесі – Қазақстандағы ежелгі қасиетті орындардың бірі және ол Ахмет Яссауи дәстүрімен тығыз байланысты, сол себепті көптеген зияратшыларды тартады [2].

Қазақстанның батысындағы сақралды орындар тек діни киелі жерлер емес, сонымен бірге ортақ рухани және мәдени болмысты нығайтатын маңызды мәдени ескерткіштер болып табыла-ды. Бұл жерлерге зиярат ету әулиелерге құрмет көрсетудің және ата-бабалармен байланыстың нысаны болып, адамдардың тыныштық табуына және бата алуына мүмкіндік

береді. Бекет-Ата, Қожаназар-Ата, Ұшқан-Ата және Шопан-Ата, Қошқар-Ата қорымы, Арықпан Ата, Арыстан Ата, Ахон-Ата, әулие-аналар сияқты қасиетті орындар – халық жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілетін сенімдерді нығайтып, әулиелерге сенуді жалғастырып отырған мәдени мұраның символдары болып табылады [3].

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның батыс аймағындағы әулиелерге тағзым ету культінің мәдени және діни маңызын талдау арқылы әулиелер культінің қалыптасуындағы исламдық және фольклорлық дәстүрлердің өзара байланысын анықтау. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: Қазақстандағы әулиелер культінің қалыптасу тарихын, оның тамырларын және жергі-лікті фольклорлық нанымдармен байланысын зерттеу; Бекет-Ата, Қожаназар-Ата, Ұшқан-Ата және Шопан-Ата, Қошқар-Ата қорымы, Арықпан Ата, Арыстан Ата, Ахон-Ата және т.б. сияқты негізгі әулиелердің аймақтың рухани өміріндегі ролін және олардың жергілікті халық үшін маңызын талдау; сакралды орындарға зиярат жасаудың әлеуметтік функциясын және халық жадында әулиелер культінің сақталуы мен берілуіндегі фольклорлық аңыздардың ролін зерттеу. Дәстүрлі ханафиттік исламның рухани тәжірибесі аясында аймақтағы діни тұлғалардың сакрал-дануын және «әулиелік» феноменін кешенді пәнаралық зерттеу арқылы мұсылмандық киелі жер-лердің ролін заманауи тұрғыдан түсіну, тарихи тұлғалардың және олардың ілімі мен тәжірибесінің маңызын мәдени мұра, рухани бірегейлік ракурсында анықтау.

Материалдар мен әдістер. Қазақстанның батыс аймағындағы әулиелер мен суфизм бағытындағы әулиелер культін зерттеуде тарихи-мәдени зерттеулерді, этнографияны, фольклорды, сондай-ақ исламның суфизм сияқты ағымдарын және аймақтық діни тәжірибелерді қамтитын кең ауқымды материалдар қолданылды. Сонымен бірге авторлық далалық этнографиялық зерттеулері нәтижесінде жиналған материалдар (2024 жылдың жаз айында Маңғыстау облысының үш ауданындағы 7 ауылға жүргізілген экспедиция нәтижелері) да пайдаланылды [4]. Фольклорлық деректер жергілікті діни тәжірибелер мен әулиелерге табыну мәселесін түсіну үшін маңызды рөл атқарады. Аңыздар, мифтер, әңгімелер мен халықтық әндер қазақ халқының рухани өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады және әулие орындарының маңызы мен олардың жергілікті қауымдар үшін мәнін қалпына келтіруге көмектесті. Бұл фольклорлық деректер әулиелер туралы халықтың көзқарасын, олардың ғажайып қасиеттері мен ерліктері туралы түсініктерін берді. Фольклорды зерттеу ұжымдық санада әулие бейнелерінің қалай қалыптасқанын және осы бейнелердің діни тәжірибеге қалай ықпал еткенін түсінуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында жинақталған материалдарға терең анализ жасауға мүмкіндік беретін индуктивті зерттеу стратегиясы басшылыққа алынды. Қазақстанның батыс аймағындағы сакрал-ды тұлғалар мен рухани практикаларды зерттеуде, негізінен пәнаралық синтез, объективтілік, эмпирикалық, дәйектілік, дін құбылысына құрметпен қарау принциптері мен әдіс-тәсілдеріне сүйенеміз. Жергілікті діни дәстүрлердің қалыптасуын зерттегенде диахронды әдісті, әлеуметтік диалектика, тарихилық заңдарын қолдану маңызды.

Мәселенің жекелеген аспектілерін қарастырғанда методологиялық плюрализм қолданылды, мұның өзі тарихи оқиғалар мен құбылыстарды түсіндіруде, олардың санқырлылығын ескере отырып қорытындылар жасаудың яғни синтездеудің мүмкіндігін кеңейтеді. Зерттеуде жүйелік тәсіл іргелі маңызға ие болады, ол таным нысандарын, құрамдас бөліктерін ескере отырып қарастырудан көрініс табады.

Қазіргі таңда Бекет-Ата культі халық арасында үлкен құрметке ие болып, кесенесі зиярат орнына айналды, ал оның өмірі мен қызметі туралы аңыздар халықтың есінде сақталып, халықтық шығармашылық, фольклорлық әндер мен әңгімелер арқылы белсенді түрде таратылуда. Бұл әңгімелер әулиелердің жергілікті қауымдар үшін маңызды белгілерге айналып, діни тәжірибе-лердің ерекше мәнге ие болуын көрсетеді [5].

Шопан-Ата да Қазақстанның батыс аймағындағы фольклорында маңызды орын алады. Оның қасиетті орны туралы көптеген аңыздар бар, мұнда ол апаттардан қорғаушы және малдың қамқоршысы ретінде сипатталады, бұл оның культінің малшы қауымдар үшін маңызды екенін көрсетеді. Мұндай аңыздар халықтың өздерінің рухани жетекшілері мен әулиелермен байла-

нысын нығайтып, әулие орындарына қажылық жасау мен әулиелерге тағзым ету тәжірибесінің таралуына ықпал етеді [6].

Сондай-ақ, Ұшқан-Ата, тағы бір маңызды әулие, фольклорлық деректерде өзін саяхатшылардың қамқоршысы, емші және рухани жетекші ретінде танытады. Бұл халық аңыздары әулиелердің қоғамдағы діни өмірдегі рөлін аша отырып, олардың әлеуметтік бірлікті сақтаудағы маңызын көрсетеді. Суфизм тәжірибелері, мысалы, зікір (қайталау дұғалары), әулие орындарына бару және әулиелерге тағзым ету, халықтық сенімдер мен әдет-ғұрыптармен тығыз байланыста болды, бұл аймақтың дәстүрлі діни тәжірибесі мен суфизм мистикасының бірегей араласуын білдіреді [7].

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласынан 18 шақырым жердегі «Қошқар-Ата» қорымындағы ашық аспан астында IX-XX ғасырлар аралығын қамтитын мұражай жобамен 286 ескі жәдігерді қамтып, көлемі 1,8 гектарды алып жатқан жердегі ескерткіштер, сағана тамдағы өсімдіктер көрінісі, құлпытастардағы ою-өрнектер, сандықтас қойтастағы ескі араб графикасымен жазылған жазбалар, Артық сұпы, Сәду Ата туралы және де басқа осы өңірдің әлі де зерттеуді қажет етіп тұрған жұмбақ сырлары туралы осы қорымның шырақшысы, діни білімі жоғары, дүниетанымы да жан-жақты Дүйсекеш Тұрғанбек Қалиұлы қажымен пікір алмасып, сұхбат жасаудың өзі жеке бір ғылыми тақырыпқа жол салып тұр.

Сондай-ақ, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қаратон поселкесіндегі ескі қорымдағы, ауыл-ел аймаққа «Ахон-Ата» деп кеңінен танымал болған, емшілік, көріпкелдік қасиетімен ерекше-ленген, діни білімі жоғары Ғабдолла Құттыбайұлы Атаның ұрпақтарымен кездесу, және әлі күнге дейін ол аймақтан ауыл жаңа жерге көшірілсе де (Каспий теңізінің көтерілу қаупіне, сондай-ақ «Тенгіз-Шевройл» жүргізіп жатқан жерасты мұнай өндіру жұмыстарына қатысты), аймақтағы қалың жұртшылық зиратына арнайы келіп түнеп, дертке дауа іздейді, жан күйзелісінен ада етуін, желеп-жебеп жүруін тілеп әулие тұтып, сыйынып қабіріне түнейді.

1732 жылы Астраханнан Хиуаға бағыт алған И.Г. Гербер өз күнделігінде Ұшқан ата қорымына қатысты бірнеше маңызды мәліметтер келтірген. Оның жазбалары бойынша, қорымның айналасында ескі қала орны орналасқан, бұл жерде үйлердің іргетастары мен қабырғалары қызыл кірпіштен тұрғызылған. Қала орталығында үлкен бассейн мен тұщы су көзін жеткізетін бұлақ болғаны айтылады. И.Г. Гербердің пайымдауынша, бұл қала мен қорым мұсылмандық дәстүрлерге сәйкес салынған, өйткені қорымдағы құлпытастарда «Мұхамед әмір» деген жазу кездескен [8]. Саяхатшы халық арасында сақталған аңызға сілтеме жасап, бұл жердің «Ұшқан ата» деп аталуын қала маңындағы қорымда жерленген қасиетті жасы келген тұлғамен байланыстырады. Аңызға сәйкес, Ұшқан ата Бұхара мен Хиуа, сондай-ақ татар (түркі) саудагерлері арасында ерекше құр-метке ие болған тұлға. И.Г. Гербердің келтірген деректеріне сәйкес, «Ұшқан ата» атауының мағынасы «қанаты бар қарт адам» дегенді білдіреді. Бұл аңыз бойынша, Ұшқан ата белгілі бір уақытта осы жерге «ұшып келіп», су көзінің таусылуымен таяғымен бұлақ көзін ашатын болған [8].

И.Г. Гербердің жазбаларына қарағанда, Ұшқан ата қабірі керуен жолы бойындағы маңызды ритуалды орынға айналған. Керуеншілер бұл жерде басына түнеп, садақа тастаған. Бұл деректер негізінде Ұшқан ата қорымының XIII–XIV ғасырларда пайда болғандығын болжауға болады. Ғылыми тұрғыдан қарағанда, Ұшқан ата әулие, сопы болған деген болжамға сүйене отырып, оның мәдени және діни рөлін тереңірек түсінуге болады. Ұшқан атаға қатысты аңыздар мен жазбалар сол кезеңнің діни және әлеуметтік дәстүрлерін, сондай-ақ керуен жолдары мен сауда қатынас-тарын сипаттайтын маңызды дереккөз болып табылады.

Әулие орындарына зиярат жасау, тазару ритуалдары, дұғалар және бұл рәсімдермен бірге жүретін иляхи әндер Қазақстанның батысындағы діни тәжірибе мен мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады [4]. Бұл тәжірибелер ислам мен аймақтық дәстүрлердің синтезін көрсетіп, діни тәжірибенің қалай бейімделіп, дамығанын, сондай-ақ халықтық мәдениеттің элементтерін қалай сақтап, өзгерткенін көрсетеді. Сопылық ағымдар, мысалы, Нақшбандия, Яссауия және Қадирия, жергілікті дәстүрлермен белсенді әрекеттесіп, оларды өздерінің діни тәжірибесіне енгізді, бұл жергілікті әулиелерге тағзым етуде көрініс тапты. Сондықтан Қазақстанның батыс өңіріндегі әулиелер культін және суфизмді жан-жақты талдау үшін

тарихи-діни зерттеулермен қатар фоль-клорлық деректерді де ескеру қажет. Бұл материалдар әулие орындары мен әулиелерге табынудың аймақтық мәдени және діни сәйкестіктің маңызды элементі екенін, сондай-ақ суфизмнің жергілікті әдет-ғұрыптар мен сенімдерге қалай интеграцияланғанын көруге мүмкіндік береді.

Қазақстанның батысындағы әулиелер культі мен сопылықтың даму ерекшеліктерін зерттеу үшін қолданылатын әдіснамалық тәсілдерге ең әуелі әулие феноменін шаманизмнен гөрі дәстүрлі исламға жақын құбылыс ретінде қарастыру біздің жаңаша зерттеу парадигмамыз. Бұл зерттеу аясында тарихи-мәдени, этнографиялық және әлеуметтік-мәдени талдау әдістері біріктіріліп, Қазақстанның батыс өңіріндегі діни тәжірибенің өзіне тән ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді. Тарихи-мәдени әдіснамалық тәсіл, әсіресе, жазба деректер мен архивтік материалдарды зерттеуге негізделген, ол аймақтағы діни тәжірибелер мен әулиелер культінің қалыптасу тарихын түсінуге ықпал етеді. Мұндай зерттеулердің ішінде Р.М. Лэнгтың еңбектері айтарлықтай маңызды болып табылады [9]. Р.М. Лэнг өз жұмыстарында исламның мистикалық ағымдарының түрлі мәдениет-терде қалай бейімделгенін, соның ішінде Орталық Азиядағы діни тәжірибелерге тигізген әсерін талдайды. Салыстырмалы әдіс негізінде Р.М. Лэнг сопылық ордендерінің жергілікті діни мәдениетке әсерін қарастыра отырып, әулиелер культінің қалыптасуындағы сопылықтың рөлін зерттейді. Бұл әдіс Қазақстанның батысындағы сопылықтың тарихи-мәдени ықпалын түсінуде маңызды рөл атқарады.

Этнографиялық әдіс, әсіресе, Г.И. Ригби сияқты зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қолданылады. Ригби өзінің «Ислам әлемінің этнографиясы» атты зерттеулерінде полевтік зерттеулердің маңыздылығына назар аударады [10]. Оның зерттеулеріне сәйкес, этнографиялық әдіс қазіргі уақыттағы діни тәжірибелер мен дәстүрлерді, сондай-ақ сопылықтың мәдени және әлеуметтік құрылымдарға қалай әсер ететінін зерттеуге мүмкіндік береді. Орталық Азиядағы жергілікті қауымдардың сопылық практика мен әулиелер культін қалай сақтап қалғаны және қалай бейімдегені жөнінде Г.И. Ригби жүргізген зерттеулер өте маңызды. Далалық зерттеулер мен сұхбат жүргізу арқылы қазіргі қоғамдағы сопылықтың трансформациясын және жергілікті қауымдардағы оның әлеуметтік қызметін анықтауға болады.

Сонымен қатар, әлеуметтік-мәдени талдау әдісі, мысалы, Дж. Уоттс сияқты батыс зерттеушілерінің еңбектерінде жиі қолданылады. Дж. Уоттс сопылық ордендерінің қоғамдағы әлеуметтік және саяси ықпалын зерттеп, Нақшбандия мен Қадирия ордендерінің қоғамдық құрылымдарға және саяси процестерге әсерін қарастырады. Оның еңбектерінде сопылықтың әлеуметтік келісім мен тәртіпті сақтау, сондай-ақ діни басшылардың рөлі жөніндегі маңызды аспектілер көрсетілген [11]. Дж. Уоттс сопылық ордендерінің шейхтерінің жергілікті саяси және әлеуметтік контексте қандай рөл атқаратындығына көңіл бөледі. Бұл әдіс Қазақстанның батыс аймағындағы сопылық-тың ғана емес, сонымен бірге әулиелер культінің қалай қоғамның әлеуметтік құрылымына ықпал еткенін зерттеуге мүмкіндік береді. Осылайша, батыс авторларының әдіснамасы Қазақстандағы діни тәжірибелер мен культтердің қалыптасуы мен дамуының күрделі процесс екенін көрсетеді, бұл зерттеу үшін көпқырлы және кешенді тәсілдердің қажеттілігін дәлелдейді.

Отандық ғалымдар арасынан С.Е. Әжіғали ұсынған археологиялық әдістер Қазақстанның батысындағы әулиелер культі және суфизммен байланысты діни практикаларды зерттеуге бағыт-талған кешенді тәсіл болып табылады. Бұл әдіс тек дәстүрлі археологиялық қазбалармен шектеліп қана қоймай, сонымен қатар мавзолейлер мен некропольдар сияқты архитектуралық ескерткіш-терді, культтік объектілерді зерттеу арқылы діни практикалар мен сопылық дәстүрлердің материалдық куәліктерін талдауға мүмкіндік береді. С.Е. Әжіғали Ұшқан Ата сияқты қасиетті орындарға ерекше назар аударады, мұнда суфизм мен жергілікті әулиелер культінің діни тәжіри-беге әсері айқын байқалады [12]. Сондай-ақ, ғалым өз еңбектерінде археологиялық табыстардың тарихи-мәдени процестер мен әлеуметтік-мәдени аспектілерді қалпына келтіруге қалай ықпал ететінін атап өтеді, бұл қасиетті жерлер мен діни практикалардың сакрализациясы мен дамуына терең тоқталады. С.Е. Әжіғали әдісі тек діни өмірдің материалдық іздерін ғана емес, сонымен қатар осы объектілердің қоғамның мәдени және рухани дәстүрлерін қалыптастырудағы әлеуметтік рөлін зерттеуге мүмкіндік береді [13].

Нәтижелер. Қазақстанның батысындағы әулиелерге тағзым ету культі бүгінгі таңда тек діни құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар аймақтың мәдени және әлеуметтік өміріндегі терең тарихи байланыстарды зерттеуге мүмкіндік беретін маңызды тақырып болып табылады. Бұл тақырыптың зерттелуінің өзектілігі, ол қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының, рухани құндылықтарының және тарихи санасының қалыптасуында шешуші рөл атқаратын ислам мен жергілікті нанымдардың өзара байланысын ашуға бағытталған. Әулиелерге тағзым ету, олардың қасиетті орындары мен зиярат ету практикасы халықтың ұжымдық жадының сақталуына, рухани-мәдени дәстүрлердің берілуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл зерттеу исламның сопылық дәстүрі мен жергілікті түркілік фольклордың өзара ықпалдасуын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қазақстанның батыс өңіріндегі әулиелер культі аймақта ислам дінінің кең таралу процесін-де халықтың діни тәжірибесін сақтауы мен бейімдеуі арасындағы күрделі әлеуметтік-мәдени процестерді көрсетуі тұрғысынан да аса маңызды. Осылайша, аталмыш тақырып мәдениеттану, дінтану, тарих және антропология салаларында жаңа зерттеу бағыттарын қалыптастыруға ықпал ете алады деуге негіз бар.

Бұл тақырыптың жаңалығы – Қазақстанның батыс өңірлерінің әулиелер мұрасына қатысты сакральды кеңістіктерін зерттеуде кешенді және пәнаралық ғылыми тәсілдерді қолдану, олардың жергілікті қауымдастықтардың рухани және әлеуметтік сәйкестігін қалыптастырудағы көпқырлы рөліне назар аудару. Дәстүрлі зерттеулерден ерекшеленетін бұл жұмыс сакральды объектілерді тек діни тәжірибе орталығы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бірігу, мәдени байланыстар және тарихи жадының сақтаушысы ретінде қарастырады. Бекет Ата, Шопан Ата, Сисем Ата және Ұшқан Ата, Қошқар Ата қорымы, Арықпан Ата, Арыстан Ата, Ахон Ата, әулие-аналар сияқты жергілікті әулиелердің культіне ерекше назар аударылады, олардың сакральды орындары әлеуметтік сәйкестікті нығайту, мәдени дәстүрлерді сақтау және рухани мұраны қолдау жолында маңызды рөл атқарады. Этнографиялық әдістерді, сондай-ақ тарихи, археологиялық және жазба дереккөздерін талдауды қолдану сакральды кеңістіктердің аймақтағы әлеуметтік және мәдени процестерге әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың жергілікті билік пен саяси құрылыммен байланысын ашады.

Бақылау және талқылау.

Қазақстанның сакральды ескерткіштері, оның ішінде Бекет ата мен Шопан ата жер асты мешіттері, еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуде маңызды орын алады. Бұл ескерткіштер тек архитектуралық және археологиялық құндылықтарымен ғана емес, сонымен бірге исламның сопылық бағытының дамуына әсер еткен рухани орталықтар ретінде де ерекшеленеді. Суфизм, Құдаймен тікелей байланыс орнатуды мақсат еткен мистикалық ілім ретінде, Қазақстандағы көптеген рухани жерлерде өз көрінісін тапқан. Бекет ата мен Шопан ата мешіттері суфизмнің қазақстандық контекстте қалай қалыптасқанын және оның жергілікті халықтың дүниетанымы мен рухани мәдениетіне әсерін түсінуге мүмкіндік береді. Осы ескерткіштерді зерттеу суфизмнің ислам әлемінде, оның ішінде Қазақстанда, қалай таралғанын және оның мәдени мұрадағы орнының маңыздылығын көрсетеді.

Бекет ата мешіті суфизмнің кең тараған аймақтық орталығының бірі болып табылады. Суфизмнің басты мақсаты адамның Құдаймен қарым-қатынасының тікелей жолын табу, адамның рухани жетілуіне бағытталған мистикалық жол. Бұл бағыттың маңызды өкілдерінің бірі Бекет ата, ол өзінің өмірінде адамзаттың рухани мәселелерін шешуге және Алламен байланыс орнатуға үлкен мән берген. Суфизмнің элементтері Бекет атаның жер асты мешітінің құрылысында, оның ішкі қызметінде және маңыздылығында көрініс тапқан [14]. Қазіргі таңда Бекет ата мешіті қайта қалпына келтіріліп, айналасы абаттандырылған. Плато үстінде қажыларға арналған үлкен кешен салынған, оған жыл сайын 20 мыңнан астам адам келеді.

Бекет ата Мырзагүлұлы 1750 жылы дүниеге келген. 40 жасында сопылық дәрежесін қабылдап, балаларды біліммен қамтып, сауаттандыруға тырысқан. Оның емшілік қабілеттері туралы аңыз-дар да кең тараған. Бекет ата 1813 жылы қайтыс болып, өзі құрған мешіттің қасына жерленген. Суфизм Бекет атаның дүниетанымында және халық арасында оның орнығуына ықпал еткен [15].

Бекет Ата ілімі мен оның рухани ықпалының кең таралуы, түркі әлеміндегі және Қазақстандағы теккелер, мешіттер мен зауиялар арқылы көрініс табады. Бекет Атаның мұрасының кеңістіктегі таралуын нақтылайтын төрт негізгі мешіт, олар Баялы-Арал, Ақмешіт-Жем, Ескі Бейнеу және Оғланды, оның рухани ілімінің танымалдылығы мен ізбасарларының көптігін көрсетеді [16]. Бұл теккелер, мешіттер мен зауиялар Бекет Атаның шариғаттық жолмен ғана емес, сонымен бірге ішкі рухани дамуды уағыздайтын ілімін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қызметін айқындайды. Бекет Атаның шәкірттерінің саны төрт болуы, исламдық рухани дәстүрдегі халифа-лардың төрттігімен байланыстырыла отырып, оның іліміндегі ұйымдастырушылық және тәртіп элементтерін көрсетеді. Мұндай тұжырымдама исламның ішкі құрылымы мен діни тәртібін бейнелейтін символикалық мағынаға ие болуы мүмкін. Исламдағы төрт халифа ұғымы, өз кезегінде, Бекет Атаның рухани ұстаздық қызметінің дәстүрлі исламдық құрылыммен үндестігін көрсетеді [17].

Бекет Атаның өмірі мен оның діни-философиялық ілімдеріне қатысты аңыздар мен тарихи деректерде көрініс тапқан символдық мәндер ғылыми тұрғыдан зерттеуді қажет ететін маңызды бағыттарды ұсынады. Бұл зерттеулер Бекет Атаның мұрасына жаңа ғылыми көзқарастар мен қабаттар ашып, оның рухани ілімін және ислам философиясындағы орнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Аңыздар мазмұнында сәйкессіздіктер, қайшылықтар ұшырасады, сол үшін бұл деректерге жаңа интерпретациялар қажет [4].

Бүгінде Бекет ата жер асты мешіті, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Оғланды жерінде орналасқан, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 119 бұйрығымен мемлекеттік маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің тізіміне енгізілді. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қыркүйектегі №209 қаулысымен Бекет ата жер асты мешіті мен оның қорғалатын аймақтарының шекаралары бекітілді [18,6]. Мешіт биік жартастың ортаңғы қабатында қазылған және терең сайға қарай түсетін жартастар арасында орналасқан. Құрылыс төрт негізгі бөлмеден тұрады. Бірінші бөлме кең кіріс бөлмесі, ол күмбез тәрізді төбесінде орнатылған жарықшақ арқылы жарықтандырылады. Бұл бөлмеде ағаш тіреуіш орнатылған. Кіріс бөлменің батыс жағында намаз оқу бөлмесі орналасқан, оның оңтүстік қабырғасында михраб бар, ал оңтүстік-шығыс бағытта екі бөлме тұр, олардың бірінде Бекет ата жерленген. Бекет ата шамамен 63 жасында қайтыс болған деп есептеледі. Барлық бөлмелердің пішіні дұрыс емес дөңгелек болып келіп, олардың биіктігі 2,7 м-ден 3,5 м аралығында ауытқиды. Қабырғаларда жарықтандыруға арналған тегіс ойықтар бар [19].

Қазақстанның батыс аймағының келесі киелі кеңістіктердің қатарында Шопан ата жер асты мешіті мен қабірі тұр, ол өз кезегіндегі сопылық уағыздаушысы әрі, Қ.А. Яссауидің шәкірті ретінде танымал, Қазақстанның мемлекеттік тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне Министрлер кабинетінің 2015 жылғы 30 наурызындағы №119 бұйрығымен енгізілді. Мешіт «Қазақстанның сакралды жерлер географиясы» жобасының аясында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша ұлттық маңызы бар киелі объектілер тізіміне енгізілген [20]. Шопан ата жер асты мешіті кешенінің оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Оның ортасында тікбұрышты зал бар, оңтүстік-батыс бұрышында жоғары қарай шығатын тақыр баспалдақтар жасалған. Шопан ата қабірі осы бөлменің ішіндегі жартастың ойығында орналасқан. Мешіттің оңтүстік және батыс қабырғаларында сиынып келген адамдарға арналған кең бөлмелер қазылған. Мешіттің төменгі бөлігінде құдық қазылған. Бұл жердің бір ерекшелігі, ол сопылықтың айқын іздері мен ежелгі дәстүрлердің сақта-луы, сондай-ақ ханафи мәзһабын ұстанған дәстүрлі исламның ұштасуы болып табылады [21].

Мешіт кешенінің құрылысы 12 бөлмеден тұрады. Әр бөлме өзінің нақты функционалдық мақсатына ие: бірі діни рәсімдер үшін, бірі білім беру қызметіне, ал басқалары шаруашылық қажеттіліктерге арналған. Орталық бөлме тікбұрышты үлкен бөлмеден тұрады, оның өлшемі 7,1x5,1 м. Бөлмеде жарық түсетін дөңгелек ойық ашылған, оның диаметрі 1,5 м, ол төбенің дәл ортасына жақын орналасқан. Бөлменің ортасында ағаш тіреуіш орнатылған. Бұл жер қасиетті орын ретінде саналады, ал оның жанында жерленген Шопан ата мен оның отбасының қабірлері

орналасқан. Мешіттің ауласында тұтұйық ағашы өсіп тұр, бұл да оның сакралды табиғатын көрсетеді. Жер асты мешітінде қосымша бірнеше қабір бөлмелері мен құрылыстар бар [22].

Шопан ата Қазақстанның батыс аймағының мәдениеті мен тарихында ерекше орын алады. Ол халықтың санасында шопандық кәсіптің пірі ретінде сақталып, оның қасиеттерін дәріптеу арқылы мұсылмандық рухани дәстүрлермен байланыс орнатқан. Шопан атаға қатысты аңыздар мен әңгімелер арқылы халық қой түлігінің мәні мен қасиеттерін терең түсініп, ол шаруашылықтың негізгі тірегіне айналған. Осы өңірде XII-XX ғасырларда салынған Шопан ата қорымы мен оның маңызы халықтың шопандық кәсіпке деген ерекше құрметін көрсетеді. Қой түлігінің қазақ қоғамындағы орны терең әрі айқын. Халықтың наным-сенімдеріне сәйкес, қой оттан жаралған деп саналады, бұл оның қасиеттілігі мен рухани мәнін білдіреді. Қой жылы дүниеге келген адам-дардың мінезі де осы түліктің қасиеттерімен үндеседі. Олардың адал, сезімтал, ақкөңіл болуы қой-дың мінезін сипаттайды, сондықтан қойға қатысты түрлі ырымдар мен дәстүрлер қалыптасқан. Мысалы, қой сою кезінде арнайы ырымдар жасалады, олар жергілікті жерлерде көпшілікпен сақталған, әр түрлі сенімдер мен ережелерге негізделеді. Оңтүстік Қазақстан мен Қазақстанның батыс өңірінде қойға байланысты ырымдар мен нанымдардың ерекшеліктері айқын байқалады. Қойдың жағын қора есігінің жағына іліп қою, қораға қойдың кәрі жілігін ілу секілді дәстүрлер мал басының көбеюіне деген үміттен туындаған. Бұл ырымдар халықтың мал шаруашылығына деген көзқарасы мен сенімін көрсетеді. Осылайша, қой тек шаруашылықтың негізі ғана емес, қазақ халқының рухани мәдениеті мен дүниетанымында маңызды орын алады.

Сисем ата киелі мекені алғаш рет мемлекеттік қорғауға 1982 жылдың 26 қаңтарында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №38 қаулысымен алынған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №119 бұйрығымен республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілген. 2010 жылғы 8 желтоқсанда Маңғыстау облысы әкімдігінің №414 қаулысымен қорғалатын аймақтардың шекаралары бекітілген [23].

Сисем ата некрополи Маңғыстаудың тарихы, этнографиясы және архитектура тарихы үшін маңызды дереккөзі болып табылады. Бұл Маңғыстаудағы ең үлкен және ежелгі некропольдердің бірі, Үстірт жазығының батыс жағында, жартылай шөл ландшафтында, көне керуен жолы, құдықтар мен қыстауларға жақын жерде орналасқан. Археолог А. Медоев: «Сисем ата некрополи – бұл алғашқы маңғыстаулықтардың қалыптасу кезеңінен өткен орын» деп жазған [24]. Негізгі кешен Сисем ата қабірінің айналасында шоғырланған. Басқа ежелгі некропольдерден ерекшелігі ол халық шеберлерінің шабытты еңбегімен жасалған, жақсы сақталған ескерткіштерімен ерекшеленеді. Олар Жылқышыбай Доралұлы, Тұрлымұрат Сатыбалдыұлы, Сахи шебердің ұрпақ-тары (Дүйсенбай, Ордабай, Енсе, Қозыбақ) және т.б. Сисем ата некрополи мемориалдық-культтік архитектураның және тастан қашау өнерінің сирек кешені болып табылады. Мұнда батырлар зираты көп. Кейбір жерлеулер сауыт түрінде жасалған, бұл XIV ғасырдағы соғыста қаза тапқан батырдың қабірін білдіреді [25]. Мұнда кіші жүз Байұлы руларының таңбаларымен қатар Жетіру және Әлімұлы руларының таңбалары да кездеседі [26]. Бір жағынан Сисем ата батырлар пантеоны болып саналады. Некропольдің батыс бөлігінде «Аз әулие» деп аталатын шағын қабір орналасқан, оны Сисем атаның анасы жерленген орын деп санайды.

Маңғыстау өңірінің келесі сакралды мекендердің қатарына Шақпақ ата жерасты мешітін жатқызуға болады. Шақпақ ата жерасты мешіті 2008 жылғы 21 наурызда ҚР Үкіметінің №279 қаулысына өзгерістер енгізілгеннен кейін, 2015 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің №119 бұйрығымен республикалық маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілді [27]. Мешіт Арал-Каспий аймағындағы жалғыз ескерткіш, қабырғаларында жазбалар мен суреттер бар. А. Медоевтің айтуынша, «жартас мешіті күрделі архитектурасымен ерекшеленеді және Қазақстандағы сирек тас өнерінің керемет көрінісі болып табылады» [24]. Шақпақ ата мешіті әктас қабатында үлкен биіктікте батыс беткейге қашалған. Мешіт төрт камералық бөлмелерден тұрады, олар орталық күмбезді залдың айнала-сында крест тәрізді топтастырылған. Мешіттің ұзындығы шығыс-

батыс бағытында орналасқан. Орталық күмбезде диаметрі 1,2м және биіктігі 5м жарық түсетін тесік бар. Ескерткіштің тұр-ғызылу уақыты шамамен ерте ортағасырлық кезеңге жатады, М.Мендікұлов мешіттің құрылысы-сын шамамен XIV-XVI ғасырларға, Өзбек ханның (1312-1342 жж.) Алтын Орда дәуіріне жатқызады [28]. Шақпақ ата мешітінің батысында ортағасырлық некрополь орналасқан. Некропольдің аумағы оңтүстік түрікмен және солтүстік қазақ бөліктеріне бөлінеді, оларда негізінен құлпытас-стелалар [29] кездеседі. Екі бөлігінде де ежелгі және кейінгі дәуірлерге жататын құлпытастар бар. XVIII-XIX ғасырлар мен XX ғасырдың басындағы қазақ бөлігінің архитектуралық-көркемдік жағынан ең қызықты ескерткіштері – қойтастар, құлпытастар, саркофагтар мен сағанатамалар [30]. Некропольде белгілі діни қайраткер Ержан Хазірет (Ержан Төлекенұлы - 1888-1967 жж.) қабірі орналасқан.

Маңғыстау өңірі өзінің киелілігі және жер асты мешіттерімен танымал. Жерасты мешіттердің тізімінде орын алған келесі киелі мекен ол Қараман ата жерасты мешіті болып табылады. Қараман ата ескерткіші алғаш рет 1951-1952 жылдары М. Мендікұлов басқарған экспедициямен зерттелді [28]. М. Мендікұлов мешіттің салынуын XII ғасырға жатқызады. Қараман ата некрополи 1977 жылы А.О. Итенов, 1979 жылы М. Нұрқабаев жетекшілік еткен Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің экспедициясымен кешенді түрде зерттелді. 1982 жылдың 26 қаңтарында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №38 қаулысымен республикалық маңызы бар ескерткіш ретінде алғаш рет мемлекеттік қорғауға алынды. 2015 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің №119 бұйрығымен тарихи және мәдени ескерткіштердің мемлекеттік тізіміне енгізілді [31]. Некрополь ортағасырлық кезеңге жататын түрікмен стела-ларынан, тас мүсіндерден, XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басында адай шеберлері Өмір Қараұлы мен Назар Өмірұлы салған сағанатамдар мен кесенелерден тұрады.

Некропольдің батысында жер асты мешіті Қараман ата орналасқан. Мешіт борлы жыныстан тұратын жұмсақ төбенің еңіс беткейіне ойылған, бұл жерде құрылысшылар табиғи үңгірді пайдаланған болуы мүмкін. Жер асты мешіті үш негізгі бөлмеден тұрады: дәліз, намаз оқитын бөлме және дөңгелек тәрізді бөлме, онда аңыз бойынша Қараман атаның қабірі орналасқан. Кіреберіс негізгі галереяға апарады, онда діни рәсімдер өткізіледі. Төбенің ішкі жағында беріктігін сақтау үшін екі тірек пен үш баған қалдырылған. Құрылыс терең болмағандықтан, барлық бөлмелердің қабырғалары төмен. Төбесінде жарық беретін екі дөңгелек ойық ойылған [32].

Ерекше қасиетті әулие, теңіздегі саяхатшылардың пірі саналатын Сұлтан-әпеге арналған келесі жер асты мешіті алғаш рет 1982 жылы жергілікті маңызы бар мемлекеттік тізімге алынды. Құлшылық орындары киелі Сұлтан-әпенің тас қоршауынан басталады, ол шеңбер тәрізді жоспарланған және ағаш таяқшалармен қоршалған. Жер асты мешіті некропольден біраз қашық-тықта, солтүстік-шығыста орналасқан. Ол әктасты қабаттардан ойылып салынған. Мешіт теңіздің солтүстік жағалауындағы оңтүстік бөлігінде орналасқан және тоғыз бөлмеден тұрады. Кіреберіс бөлме әртүрлі мөлшердегі өңделмеген тастардан жасалған тік баспалдақпен аяқталады. Баспалдақ күмбезі биік шағын үлкен бөлмеге түседі. Бұл бөлменің ішкі қабырғалары тастан өрілген, ал төбесі жарық саңылауымен көмкерілген. Сұлтан-әпе шатқалы және құдығы ерекше қызығушылық тудырады. Шатқал Түпқараған түбегінің солтүстік жағалауында, Сарыгас шығанағының маңында орналасқан. Шатқал табиғаты өте әсем және бай флора мен фаунасымен ерекшеленеді. Жергілікті тұрғындардың айтуынша, құдық суы емдік қасиетке ие [33].

Арықпан әулие Солтанұлы (XVIII ғасыр). Арықпан атаны ел Аксерке деп атаған. Ол көріпкел қасиеті бар емші, таңданып не сүйсініп қарап, мадақтап, мақтаса адам болсын, мал болсын құлататын тіл-көзі оқ адам болған. Сондықтан кімге болса да тіке қарамаған, мадақтап сөйле-меген. Әлде қалай тіл-көзі тиген адам болса ескі киіміне, мал болса ноктасы, не жұлып әкелген жүніне түкіріп, өртеп жіберсе жазылған. Сондай-ақ көптеген ауруларды емдеген. Бейіті Бөдене мен Жарсуат ауылының орта тұсындағы қара жол бойында. Зиратына ел түнеген. Ұрпақтары Индербор, Бөдене, Есбол селосында тұрады. Әулиенің осы қасиеттері төртінші

(Арықпан – Қалжан – Барас – Тыныс) ұрпағы Әбішке дарыған. Зираты Ақсерке қауымында [34, 17].

Ақжайық ауданы да қасиетті тұлғаларға кенде емес. Солардың бірі – Тайпақ топырағында туып-өскен, елге есімі кеңінен мәлім әулие Арыстан Жұмалыұлы. Руы – тана, бөлімі – Жиенбет. Жиенбеттің Масай аталығынан шыққан. 1890 жылы дүниеге келген. Арыстан әулие – мұсылман-ша білімі терең, «нақуды тауысқан». Нақу бітірген молдалар екі түрлі жолға түседі екен. Біріншісі бас пайдасын көздеп, оқудың күшімен жын-перілерге жұмысын жасатады. Болмаса адамдарға ішірткі, дуа жазып беріп, тағдырын өзгертіп, қорлыққа салады. Ал, екіншісі нақу оқуын біле тұра бас пайдасына жұмсамай, адал еңбегімен күнелтіп, халыққа қызмет етуші ғалым-молда болады. Арыстан әулие екінші жолды ұстанған адам. Сондықтан да Жайық бойының қалың жұртшылығы зиратына арнайы келіп түнеп, дертке дауа іздейді, жан күйзелісінен ада етуін, желеп-жебеп жүруін тілеп әулие тұтып, әлі күнге дейін тағзым етіп, қабіріне түнейді [35, 35].

Өңірдегі әулие-ана, қыз-әулие, бибі-әулиеге тағзым ететін киелі орындар және әйел діндарлығы турасында зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру барысында барынша ғылыми жүйелеуге тырыстық. Бұл культтің генезисі, терең тамырларына қарасақ, мысалы, Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданындағы Тақсай қорғанынан біздің заманымызға дейін V-VI ғасырларда өмір сүрген ақсүйек сармат әйелі – Тақсай ханшайымның қабірі 2012 жылы табылған еді. Қабірден әйел адамның сүйегімен бірге алтын әшекейлер, жапырақты жапсырмалар, алтын білезік, қола айна, суретті тарақ, т.б. бұйымдар табылған. Есік қорғанынан табылған әйгілі «Алтын адамның» бейнесін қалпына келтірген ғалым-реставратор Қырым Алтынбектің жетекшілігімен Тақсай ханшайымының да мүсіні қайта жаңғыртылған болатын. Қазіргі таңда «Тақсай ханшайымы» деген атты иеленген бұл ескерткіш жәдігердің түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде, көшірмесі Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы тұр. Тақсай ханшайымы қабірінің табылуы да ерекше тылсым оқиғаларға толы. Ол жөнінде қабірді тапқан археолог Яна Лұқпанованың қызықты естеліктерін жоба аясында жарық көретін ғылыми монографияда келтіре жатармыз. Тақсай ханшайымына арналған кесене Орал-Ақсай жолының бойында, БҚО Теректі ауданы Долинный ауылы маңында демеушілердің күшімен орнатылған еді.

Ал, Шыңғырлау ауданындағы жеті кереметтің бірі саналатын Сарқырама өз бастауын аршалы тоғай ішіндегі аппақ тасты жарып шығып жатқан мөлдір бұлақтан алады. Осы шағын бастауды ел «Қыз әулие бұлағы» деп атайды. Бұлақ басында темір шарбақпен қоршалған қыз әулиенің қабірі бар. Аңыз бойынша, ертеректе осы бұлақ бойындағы бір отбасындағы жалғыз қыз Салиха турасында, оған түсіне кірген ақ киімді, ақ сақалды, қолында аса таяғы бар әулие еніп, аян бергені туралы айтылады. Түсінде қолымен тырнап бұлақ көзін ашу туралы жерді анық көрсетіп, айтқанының бәрін орындап, бұлақты ашқанмен, аян беруші атаның бұл сырды ешкімге айтпауын ескертсе де, шыдамай анасына түсін жеткізген қыздың ауыр дертке ұшырап, өмірден ерте кетуі әрине, өкінішті. Кейін, халық бұл жерді «Қыз әулие бұлағы» деп атауы, шынымен де емдік қасиеті мол бұлақ әлі күнге дейін зиярат жасаушылардың қасиетті орындарының бірі.

Шыңғырлау өңірінің 7 кереметінің бірі – Сарқыраманы 1898 жылы осы өңірде 18 жыл болыс болған Нармағамбет Төбетов жасатқан. Ол 1856 жылы дүниеге келген, табын руының Жиенбет бөлімінен тарайды. Осы өңірде мешіт салдырып, медресе ашқан Нұрмағамбет болыс ел аузындағы әңгімеге қарағанда 1925 жылы кеңес үкіметінің саясатын түсініп, мал-мүлкін кедей-лерге үлестіріп беріп, кәмпескеге ұшырамаған делінеді. Бірақ 1920 жылы Күнбатыс Алашорда таратылғанда, оның «ең белсенді мүшелері, саяси сенімсіз ретінде сенімді күзетпен Орынборға жеткізу қажет» деген тізімдегі 33 адамның бірі – осы Нармағамбет Төбетов болған еді. «Қыз әулие» бұлағы, Сарқырама – Батыс Қазақстан облысындағы жергілікті киелі нысандар тізіміне кірген.

Ақжайық ауданындағы Базаршолан ауылдық округі, Байғұтты көне қорымында XIX ғасырдың тарихи тұлғасы, Кіші жүздегі Алаша руының старшыны болған Сатай Кенжеғараұлы (Сатай батыр – жергілікті маңызы бар киелі нысан тізімінде) жерленген Байғұтты қорымында

ертректе «Қыз әулие» зияраты болған екен. Қазіргі мезгілде мүлдем ұмыт болған дейді ауылдастар. Тайпақ ауылында тұратын зейнеткер, 1940 жылы туған Амандық Ізмағамбетовтің айтуынша, 1965-1970 жылдары жүк көлігінің жүргізушісі болып қызмет еткен кезінде «осы жерде Қыз әулие қабірі бар» деген аңызды естігенін айтады. Ол жылдары сол маңнан жүретін көліктер міндетті түрде тоқтап, әулиенің қабіріне дұға қылып, бет сыйпап өтетін болған. «Олай етпеген жағдайда жолымыз болмай, әулиенің қаһарына ұшырап қалуымыз мүмкін» деген қорқыныш үстем болған.

Осы Байғұтты көне қорымына таяу (1,5 км) жерде орналасқан Мәңкібай қыстағын көп жыл (1987-2004 жж. аралығы) қоныс еткен Ілиясов Сергей Байғойшыұлы (1950 жылы туған) да бұл қорымда «Қыз әулие» деп аталатын әулие болғандығын растайды. Ол бұл әңгімені өз анасы Мақашева Мағриядан (1906-1984 жж.) естіген екен. «Анамның айтуынша ол қыздың, дәлірек айтсақ келіншектің әулиелігі мына оқиғадан көрінген екен. Жас келіншек бір байдың екінші әйелі, яғни тоқалы екен. Байдың бәйбішесі тоқалға қысастық жасап, ауыл көшкенде оған көлік бермей қалдырып кетеді. Сонда ауыл қонып жатқанда көштің соңынан тоқал отырған арба өздігінен жүріп келіпті. Дертесі көтерулі арба қазіргі автомобиль сияқты өздігінен жүрген екен...» дейді Сергей Ілиясов. С. Ілиясов бүгінде Орал қаласында тұрады.

Байғұтты қорымында жатқан Сатай батырдың ұрпағы, Алаша руынан тарайтын Кенжеғалар әулетін зерттеуші, өлкетанушы Тілек Сағынов ақсақал «көліксіз арба жүргізген» қасиеті бар әйелдің есімі – Ханымбике екенін айтады. Кіші жүз құрамындағы Байұлының Сұлтансиық бөлімінен тарайтын Алаша руының ішінде Алтыбас деген тайпа болған. Сол Алтыбастың бір тармағы Аталық деп аталады. Ханымбике осы Аталықтың екінші әйелі екен. Ханымбикенің әулиелігі, ақылгөй-даналығы және емшілігі себебінен абырой-беделі өте жоғары болған. Тіпті бір кездері Аталықтан тараған ұрпақтар «Уа, Ханымбике!» деп, әулие анасының аруағына сиынып, ұрандаған көрінеді. Ханымбикенің өзінен қалған, ұрпақтары «қасиетті» деп санап, сақтап отырған қазан бүгінде Ресей Федерациясы, Орынбор облысы, Сол-Илецк (қазақша Түзтөбе) қаласында тұратын ұрпағы Боран Мұхановтың шаңырағында.

Ханымбике анамыздың руы – қожа, оның әкесі Мәлімқожа деген кісі екен. Ханымбике өмірден өтерде «менің сүйегімді Сыр бойына, ата-анамның қасына жерлендер» деп өсиет еткен екен. Ұрпақтары Ханымбикенің ата-анасы қайда жерленгенін білмесе де, сүйекті алып жолға шығады. Сонда бұларды бір бейтаныс адамдар қабір дайындап күтіп алып, анамызды жерлепті, - дейді Тілек Сағынов. Бұл әңгімеге қарағанда Ханымбике Байғұтты көне қорымында жерленбеген болып шығады. Сонда мұндағы «Қыз әулие» кім?

2016 жылы «Жерұйық» музейінің жетекшісі Жәнібек Әбілпейісовтің жетекшілігімен Байғұт-ты көне қорымында эпиграфиялық зерттеу жүргізіп, араб жазулы құлпытас мәтіндері оқылыпты. Әдетте әйел адамдарға құлпытас қойыла бермейді, бірақ осы қорымда Ақаша Жасытайқызы, Бикен Бекбағамбет әйелі, Фатима Алшымбай әйелі, Салтанат Мұхамедәли әйелі, Үрмиаш Сарығожақызы, Ақжан Сатоққызы Сарығожа әйелі, Алтынбике Сарыбөпе әйелі, Шаһар бәйбіше Қаратай әйелі, Сарымсақ Сатай әйелі сынды әйел марқұмдарға ескерткіш орнатылыпты. Бірақ бұл аталған адамдардың осы қорымда жерленген делінетін «қыз әулиеге» қатысы бар ма, жоқ па, айта алмаймыз және әлі де болса зерттеуді қажет етіп тұрғаны анық.

Орал қаласында тұрған ардагер журналист, өлкетанушы Қайыржан Хасанов Ханымбике әулие туралы былай жазады: [36] Ханымбике ананың күнделікті тұрмыста пайдаланған мыс қазаны нешебір ғасыр өтсе де қасиетті жәдігер ретінде сақталған. Ханымбике әулиенің қазанына құйған қара су ұйып, әрі қайнайды екен. Ханымбике ана бұл қазанды кенже ұлы Кенжеғара әулетінде болсын деп, оның ішінде үлкен шаңырақ есебінде Тағанақ немересіне сол күнде бағыштаған екен. Сол әулие ана өсиетіне сай Орынбор облысы Түзтөбе ауданының «Уютный» разьезінде тұратын Боран Тағановтың шаңырағында сақтаулы. Жұма күндері ауыл тұрғындары келіп, осы қазанға тәу етіп, сыйынады екен...»

Ақжайық ауданы Базартөбе ауылдық округі аумағындағы Құмқұдық қыстауы маңында «Қыз әулие» атты шошақ мола бар. Бірақ бұл деректі жеткізуші өлкетанушы, зейнеткер Кереев Әленғали Ұлықпанұлы (1942 ж.т., Орал қаласы) бұл «Қыз әулиенің» тарихын, оған қатысты аңыз-хикаяларды білмеді.

Базаршолан ауылдық округі аумағында, Жаманқұдық ауылынан күншығысқа қарай 25 км жерде орналасқан «Керік кербез». Шикі саздан иленген кірпіштен конус тәрізді қалап тұрғызған шошақ мола XIX ғасырдың туындысы. Аңыз бойынша бір бай өзінің өмірден өткен Керік есімді сүйікті әйеліне арнап тұрғызған екен. Құлап сынып, бірнеше бөлікке бөлінген құлпытас мәтініне қарағанда Елтума (ары қарай оқылмады - АА) әйелі Керік 1865 жылы 70 жасында дүниеден өткен.

Ал, Сырым ауданы Жетікөл ауылдық округіне қарасты Қосарал ауылы маңында орналасқан «Қыз моласы» қасиетті орын. Жетікөл ауылдық округінің орталығы Қосарал ауылындағы Сырым атындағы жалпы білім беретін орта мектептің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі және мектеп мұражайының жетекшісі Зина Ерғалиеваның айтуынша, осы өңірде Боқай деген ауыл болыпты. Малы мыңғырған бай «олай-бұлай болып кетсем, мені осы молаға жерлендер» деп төбе басына биік қылып мола соқтырыпты. Моланың кірпішін дайындау үшін сазды осы маңнан 3-4 шақырым-дағы Ақоба жерінен тасытыпты. Байдың жалшылары қаз-қатар тізіліп тұрып, саз кірпішті қолдан-қолға беріп жеткізген деседі. Бірақ байдың дегені болмайды. Айдай сұлу қызы кенеттен дүние салып, бай салғызған шошақ мола сол қызына бұйырады. Ал, байдың қайда қалғанын ешкім білмейді. Бұл деректі жеткізуші журналист Мұнайдар Балмолда Батыс Қазақстан облыстық «Орал өңірі» газетінде «Шошақ мола» атты мақала жариялаған.

2013 жылы сәуір айында осы «Қыз моласына» жолдары түскен информаторлар Шикі кірпіш-тен қаланған шошақ мола басындағы араб жазулы құлпытас мәтінін оқиды. Онда «Алаша руы Сары тайпасы Байбарақ бөлімі Тақас халалы (әйелі) Ерсейіт бәйбіше 1858 жылы 42 жасында дүниеден өткенін, белгіні баласы молда Тілеп қойғаны» анықталады. Көріп отырғанымыздай, бұл жерде де ел аузындағы аңыз бен ескерткіште таңбаланған деректер сәйкес келмей жатыр.

Қаратөбе ауданы, Жігерленде көне қорымда жерленген сынықшы әулие ана «Сыпайы әже» турасында ел аузынан жиналған мәлімет бойынша, Сыпайы Құрманбайқызы 1863 жылы дүниеге келіп, 1949 жылы өмірден өткен. Арқалы сынықшы болған екен. Оның қолында тұрған келіні былай депті: «Бірде енеміздің үлкен қайын ағасының сиыры далада мертігіп қалыпты. Мал иесі өзі барып, тұрғыза алмаған. «Қарағым, ауылдан кісі жина», - депті. Сонда әжей: «Оның керегі болмас. Қазір мен барайын», - деп орнынан тұрады. Сиырға жетіп: «Тұр, жануар», - деп, қамшы-мен бір ұрғанда, анау орнынан көтеріліпті, әжей оны алдына салып, айдап келген екен.

Сондай-ақ Суық деген бір басқарма әжейдің баласы Ізімайға ұрсып-ұрсып келгенде, үлкен кісіге тілі тисе керек: Сонда әжей басқармаға: «Әй, қарағым, қоймадың ғой!» - деп, үйінің ішіне жыланды толтырып жіберіпті, оны көрген басқарма тұра қашыпты. Ертеңіне әдейі келіп, әжейден кешірім сұраса керек.

Сол кісіге рулас келіні жас кезінде мәйітіне түнеуге барған екен. Өйткені әлсін-әлсін баласы тұрмай, шетінеп, бір шақаға зар боп жүрген көрінеді. Мақташ шешеміздің үшінші баласы Қайрош бір жасқа толғанда тағы да қатты ауырыпты. Қиналғанда тапқан амалы-апасы Сыпайының мәйітіне түнеу. Қыраулы қыстың ішінде жұбайы Әділбай екеуі мәйіт басына барып, бар ырымын жасап қоныпты. Таңғы төртте әжей түсінде оларға аян беріп: «Қарағым, жүр! Балаң тәуір болды, жазылады. Өне бойына жылата бермеспін. Ендігі жерде өзім қамқоршы боламын», - деп оятқан. Олар оянып, бұдан бұрын қызудан күйіп-жанып жатқан баласына қараса, сәби қалыпқа келіп, тәуір болыпты. «Сол бала - бүгінгі Қайрош көршіміз. Одан кейінгі балалары да аман», - дейді Мақташ апа. Ол туралы «Орал өңірі» газетінде де мақала жарияланған еді [37].

Ал, Бөкей ордасы ауданындағы Нарын құмының оңтүстік-батысындағы Қаратоқай және Мешітқұм құм шағылдарының арасындағы алаңқай қоныста – Аймекен қасиетті зиярат орны бар. Хан ордасы ауылынан 32 км жерде орналасқан. Ұзындығы 7-8 км, ені 2-3 км, шағын құм төбе-лерінің биіктігі 2-5 метрге жетеді. Жердің Аймекен аталуы Аймекен қыздың оқиғасына байла-нысты шыққан деген аңыз бар. Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысқан Естек батыр Аймекен қызбен үйленуге сөз байласады. Ақбай правитель орыс жазалаушыларына Естектің ұлт-азаттық көтеріліске қатысқанын хабарлап, батыр айдалып кетеді. Оның қалыңдығы

Аймекен сұлуды Ақбай зорлықпен өзі алады. Намысқой қыз қорлыққа шыдай алмай, тапталған махаббат ары үшін осы алаңқайда өзін-өзі өлтіреді. Кейін халық сол жерді «Аймекен алаңы» деп атап кетеді.

Бүгінде Аймекен жер асты тұщы су қорымен белгілі мекен. Суы 0,7-0,9 метр жерден шығады. Бұл жерге арнайы су тартқыш қондырғылар орнатылып, алыс-жақын елді мекендер құбыр арқылы Аймекеннің ауыз суын пайдаланып отыр [38]. Батыс Қазақстан облысы жерінде бұдан басқа «Айдана әулие», «Қарашаш сұлу», «Ғалия әулие», «Жібек соры» тағы басқа да қасиетті орындарға елдімекендердегі сырқаты бар адамдар жанына шипа сұрап, басына түнеп, зиярат етеді.

Жоғарыда аталған сакралды кеңістіктер аймақта кең өріс алған сопылық, дәруіштік және аруақтарға тағзым етумен тығыз байланысты. Олар Қазақстанның батыс аймақтарының діни және мәдени өмірінде маңызды орын алатын және ұзақ тарихи дәстүрлерге ие құбылыстар болып табылады. Бұл тәжірибелер жергілікті мұсылмандардың күнделікті өміріне терең енген және аймақтағы исламдық руханият пен жергілікті дәстүрлердің синтезін айқындайды. Зерттеулер көрсеткендей, сопылық пен дәруіштік Қазақстанның батыс өңірінде діни және мәдени мұраға әсер етіп, аруақтарға тағзым ету жергілікті қоғамдастықтың рухани тәжірибесінің ажырамас бөлігі болып қала береді.

Сопылық ағымы Қазақстан территориясына XIII-XIV ғасырларда кең өрісін Орталық Азия арқылы тараған исламның бір бөлігі ретінде келген және аймақтың діни өмірінде айтарлықтай әсер қалдырған. Сопылықтың ерекшелігі бұл адамның ішкі рухани тазалығы мен Жаратушымен жеке байланысын орнатуға бағытталған тәжірибелердің жүйесі болып табылады [39]. Сопылық ағымдар, оның ішінде Накшбандия және Қадирия, осы кезеңдерде Батыс Қазақстанның көшпелі қоғамында кең тарады. Бұл ордендер тек діни білім беріп қана қоймай, сонымен қатар жеке тұлғаның рухани жетілуіне және ішкі трансформациясына баса назар аударды [40].

Қазақстанның батысындағы сопылық ағымдардың танымалдылығының себебі, оның халық-тың әртүрлі топтарына, оның ішінде көші-қонмен айналысқан қоғамдарға бейімделгендігінде жатыр. Мұнда сопылық бағыттары, әсіресе Яссауия және Кубравия тәрізді ордендер кең таралған. Бұл ордендер рухани тәжірибелерді насихаттап, олардың философиясы арқылы жергілікті халық арасында исламның мистикалық элементтерін нығайтқан. Әулие-әнбиелерге тағзым ету, мысалы, Шопан ата мен Масат ата сияқты тұлғалардың кесенелеріне зиярат ету арқылы көрініс табады. Бұл киелі орындарға сапар шегу дәстүрі аймақтың әртүрлі әлеуметтік топтары арасында танымал болып, рухани қолдау мен бата алу мақсатында атқарылады [41].

Сопылық дәстүрде зікір рәсімі, яғни Алланың есімдерін қайталау мәселесі маңызды рөл атқарады. Бұл рәсім тек Құдайға ғана бағытталып, адамның жан-дүниесін тазартуға, Аллаға жақын болуға ықпал етеді. Сондай-ақ, рухани тәлімгердің жетекшілігімен орындалатын басқа да медитациялық және рухани практикалар сопылық мәдениеттің маңызды бөлігі болып саналады. Мұндай рәсімдер сопылықтың орталық негізін құрайды және олардың көмегімен адамдар күнделікті өмірден алшақтап, рухани тыныштыққа қол жеткізеді [42].

Қазақстанның батыс өңірлеріндегі сопылық мәдениет қоғамдық құндылықтарды да қалыптас-тырды. Бұл дәстүрлер арқылы сопылық ілім рухани төзімділік, гуманизм және қоғамның түрлі топтарын біріктіру идеяларын насихаттайды. Жергілікті халықтың әулиелерге және рухани мұраға деген құрметі сопылықтың тұтас Қазақстанның рухани мәдениетіне әсерін күшейтеді және оған байланысты дәстүрлер аймақтағы Исламның ерекшелігін анықтайды [43].

Қазақстанның батыс өңірінде дәруіштік, яғни сопылықтың тармағы ретінде кең өріс алған. Дәруіштік аскеттік өмір салтымен, дүниелік құндылықтарды тәрк етуімен және Аллаға қызмет етуге деген күшті ұмтылысымен сипатталады. Қазақстанның батысда дәруіштіктің ықпалы аймақтың діни өмірінде кеңінен көрініс тапты, әсіресе жергілікті тұрғындардың арасындағы асқақ рухани ізденістермен байланысты. Мұнда дервиштер өздерінің өмірін қоғамнан оқшаулап, Алла-ның рақымына бөлену үшін түрлі рухани рәсімдерге қатысты, оның ішінде

зікір жасау, медитация және музыкалық аспаптарды пайдалану секілді тәжірибелер бар [44]. Дәруіштік аймақтағы маңызды элементтердің бірі - қасиетті орындарға тағзым ету мен осындай орындарда орында-латын діни рәсімдердің ерекшелігі. Масат Ата, Қараман Ата сияқты кесенелер тек физикалық қасиетті орындар емес, олар сондай-ақ рухани күштің көзі болып табылады, мұнда адамдар өздерінің рухани мәселелеріне шешім іздеп келеді. Бұл кесенелерге жасалатын қажылық және зікір рәсімдері аймақтың діни өмірінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Аруақтарға тағзым ету жалпы Қазақстан бойынша кең тараған. Қазақстанның батыс аймақтарында исламдық және жергілікті дәстүрлердің үйлесімін көрсететін тағы бір маңызды тәжірибе ретінде жалғасын тапқан осы аруақтарға тағзым ету болып саналады. Аруақтар, немесе ата-бабалардың рухтары, жергілікті қауымдастықтар үшін делдал рөлін атқарып, олардың рухани байланысы мен қорғаушы күштері ретінде саналады. Бұл түсінік сопылық пен жергілікті дәстүр-лердің бірігуінен туындаған және ол исламның алғашқы кезеңдерінде пайда болған сенімдермен тығыз байланысты [45].

Аруақтарға тағзым ету Қазақстанның батыс аймақтарында ерекше діндарлық тәжірибесін қалыптастырды, мұнда кесенелер мен қасиетті орындарға жиі сапарлар жасалады, әрі бұл орын-дарда Құран оқу мен зікір сияқты рәсімдер өтеді. Бұл процесс жергілікті халықтың аруақтардан көмек сұрауымен ғана шектелмей, оларды құрметтеп, Алламен байланыс орнатуға деген ұмты-лысты көрсетеді. Аруақтарға тағзым рухани тазартуды іздеу және қателіктерді кешіру үшін маңызды орын алады. XX ғасырдың соңында Кеңес Одағының ыдырауымен бірге Қазақстанның батыс аймақтарында да діни өмір қайта жанданды. Сопылық, дәруіштік және аруақтарды қастерлеу қазіргі Қазақстанда қайта жаңғырып, дәстүрлі діни рәсімдер мен ғұрыптар қайта пайда болды. Сонымен қатар, бұл дәстүрлер аймақтың мәдени және діни туризмін дамытуда да маңызды рөл атқарады. Кесенелер мен қасиетті орындар қазір туристік тартымдылығын сақтаған, діни және мәдени мұраның бөлігі болып табылады.

Қорытынды.

Әулие сопылармен байланысты Қазақстанның батыс өңірлерінің сакральды кеңістіктері мәдени мұраны сақтауда, рухани сәйкестікті қалыптастыруда және әлеуметтік-мәдени дәстүрлерді қолдауда маңызды рөл атқарады. Бұл орындар тек діни ғибадат пен рухани тазартудың орталығы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік бірлік, тарихи жады және мәдени сабақтастықтың маңызды символдары болып табылады. Қасиетті мазарлар, кесенелер, мешіттер және басқа да сакральды объектілер – бұл жергілікті қауымдастықтарды ортақ нанымдар мен дәстүрлер негізінде бірік-тіретін ерекше мәдени және тарихи ескерткіштер. Қазақстанның батыс өңірлері мұндай орын-дардың айқын мысалы болып табылады, мұнда Бекет Ата, Шопан Ата, Сисем Ата және Ұшқан Ата, Қошқар Ата қорымы, Ахон Ата сияқты жергілікті әулиелердің культі аймақтың рухани мұрасын сақтауға үлкен әсер етеді. Осы әулиелердің кесенелері қажылық орталықтарына айна-лып, адамдарды тек рухани ғана емес, мәдени мақсатпен де тартады. Бұл сакральды объектілердің маңыздылығы олардың тек діни тәжірибелерді қолдаумен шектелмей, жергілікті қауымдастық-тардың тілдік, мәдени және әлеуметтік дәстүрлерін сақтауға да ықпал етуінде.

Қазақстанның батыс аймақтарындағы жерасты мешіттері, жартасты үңгіп салған құрылым-дар, кешендерді Түркістандағы Ясауидың Қылуетімен (жер асты мешіті) байланыстың бары анық, болашақта тарихи негіздерін жаңа ой-тұжырым түзе отырып зерттеу нақтыланды. Діндар қыз-келіншектердің әулиелігі, емшілігі және көріпкелдігі туралы кешенді қарау керектігі де кезек күттірмес мәселелер.

Қазақстанның батыс өлкесі жері көз тартар архитектуралық мұраларға бай. Көне ескерткіш-тердің ұзын саны – бұл өңірде 50 мыңға жетеді. Аймақта құлпытас және молаүсті кешендерінен Бекет ата, Қошқар ата қорымы, Ахон ата, Қалипан қорымы, Сағындық қорымы, Дәдәм ата (Жұмағазы хазірет), Қоске әулие, Әуен ата, Нұрпейіс хазірет, Құтқожа қажы, Жарман хазірет, Қолбас ишан қорымы мен жерасты мешіті, Сонабай әулие қорымы мен жерасты мешіті, Абдолла хазіреттің Көкмешіті, Аманғали ахун, Бекмұхамбет қалпе, Сейіт баба, Шыныбек әулие және басқа да мемориалдық-рәсіми архитектура ескерткіштері кездеседі.

Болашақта олардың қалыптасу тарихы, халық арасындағы қызметі жан-жақты сипатталынып, әулиелердің және олар немесе оларға арнап тұрғызылған әулиелік қорымдардың қазақ халқы өміріндегі маңызы ашып көрсетілуі қажет, себебі бір мақала төңірегінде оны түгел қамту мүмкін емес.

Аймақтық әулиелердің культі әлеуметтік сәйкестікті нығайтуда маңызды рөл атқарады, себебі осы әулиелердің өмірі мен іс-әрекеттері құндылықтық бағдарлар мен мінез-құлық нормаларын қалыптастырудың негізі болып табылады. Бұл, сондай-ақ, әлеуметтік бірлікті қалыптастыру мен түрлі ұрпақтарды біріктіруде маңызды, себебі сакральды кеңістіктер тек діни ғана емес, мәдени бағдарлар да болып табылады, олар ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Сонымен қатар, сакральды кеңістіктер әлеуметтік-мәдени дәстүрлерді сақтауда да басты рөл атқарады, олар тек рухани тәжі-рибенің орталықтары ғана емес, мәдени өмірдің де маңызды бөліктері болып табылады. Мысалы, қасиетті орындарды зиярат ету мен олармен байланысты рәсімдерде халықтық мәдениет, фольклор және музыка элементтері сақталып, мәдени кодтар мен нормалар ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Осылайша, батыс Қазақстан өңірлерінің сакральды кеңістіктері тек діни орталықтар ғана емес, сонымен қатар аймақтың мәдени және әлеуметтік инфрақұрылымының маңызды элементтері болып табылады. Бұл объектілер ұрпақтар арасындағы байланыстың тірі куәсі ретінде қызмет атқарады, рухани және мәдени дәстүрлерді сақтауда маңызды рөл атқарып, қазіргі жағдайда да өмір сүруде әрі дамуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Броневский С.Б. *Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки.* — СПб., 1830. — Ч. 41–43.
2. Privratsky V. *Muslim Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory.* Richmond: Curzon, 2003. - 321 p. <https://doi.org/10.4324/9781315028293>
3. Аджигалиев С.И. *Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм).* - Алматы: «Ғылым», 1994. -354 с.
4. АДМ (Азмұханова А.М. *Далалық материалдар, жүргізілген сұхбаттар бойынша жазбалар. Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша, 2024 жс.*)
5. Артыкбаев Ж., Нурдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә., Төлеген Б., Моллаканатұлы С., Құлбаев Н., Сапарбайқызы Ш., Шохаяев М. *Маңғыстау сакралды мәтіндерінің концептуалды кеңістігі: монография.* - Астана: MAGZHAN, 2022. – 240 б.
6. Нұртазина, Н.Д. *Қазақы мұсылмандық дәстүрдің генезисі.* – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 168 б.
7. Абашинов С.Н. «*Семь святых братьев*» // *Подвижники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. Сост. С.Н.Абашинов, В.О.Бобровников.* Москва: «Восточная литература РАН». 2003. - 336 с.
8. Гербер И. Г. *Журнал о путешествии из Астрахани в Хиву и Бухару 1732 г. // История и культура Атырау в русских источниках (XVIII—XX вв.). Том 1.* — Атырау, 2014.
9. Лэнг Р. М. **Sufism and the Islamic World*.* New York: Oxford University Press, 2002.
10. Ригби, Г. И. **Этнография исламского мира: религиозные практики и социокультурные изменения*.* Москва: Восточная литература, 2010.
11. Уоттс, Дж. *Sufi Orders in Central Asia: Social and Political Influence.* London: Routledge, 2003.
12. Әжіғали С. Е. *Памятники Манкыстау и Устюрта: книга-альбом.* – Алматы : Онер, 2014. – 504 с.
13. Әжіғали С.Е. *Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм).* – Алматы : Ғылым, 1994. – 260 с.
14. Абдирахманов Б. *Суфийский путь Бекет ата.* Алматы: Нурлы алем, 2010
15. Дастанов О. *Әулиелі жерлер туралы шындық.* Алматы, 1967. С. 47—48.
16. Жылқышыұлы Ж. *Бекет Ата туралы аңыз-әңгімелер. Жас Алаш. №75, 21 қыркүйек 2010.*

17. Bigozhin U. – *Beket Ata: Reimagination of Sainthood in Contemporary Kazakh Hagiographies*// *Archives de sciences sociales des religions*. Janvier-Mars, 2022, PP. 145-167
18. Кекілбаев Ә. Ел Иесі Жер Киесі. «Бекет Ата», Алматы, 1994. 6-бет.
19. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары/ Құрастырушылар: М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек. – Астана: «KUL TEGIN», 2001. – 356 б.
20. Тұрлыбек Д. Бекет Ата жолымен. // *Кітапта: Бекет Ата*. Ақтөбе: Насихат, 2010. – 748 б. – 124-127-бб.
21. Кондыбай С. Эстетика ландшафтов Мангистау. // *Полное собрание сочинений Т.5.* – Алматы: Арыс, 2008. - С.284-452
22. Қалменов М.О. Көшпіншілер «Маңғыстау жер асты мейіттері». Алматы, «Орхон» баспа үйі – 2010.
23. Кондыбай С. «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары», «Арыс» баспасы-2007.
24. Медоев А. Подземная архитектура кочевников полуострова Мангышлак // *Простор*. 1969. № 6. С. 3—4.
25. Маңғышлақта өмір сүрген және өлген киелі ханафие секталары жайында адайлардың аңыздары. // *Кавказ тау халқы туралы мәліметтер жинағы*. 7 шығарылым. Тифлис, 1873;
26. Сейсем Ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы / Құрастырушылар Ә.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова, А.К. Құлбаев. Консультант Мақсұт Нұрқабаев. Астана: Foliant, 2015 («Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштері» сериясы, 2-кітап).
27. Муминов Ә.Қ., Нұрманова А.Ш. Шақпақ Ата жерасты мейіті және қорымы эпиграфикасы. Консультант Мақсұт Нұрқабаев. Алматы: Daik-Press, 2009 («Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштері» сериясы, 1-кітап).
28. Мендикулов М.М. Памятники архитектуры полуострова Мангышлака и Западного Устьюрта. АлмаАта, 1956.
29. Григорьев В.В. Описание Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости // *Записки Императорского Русского Географического Общества*. 1861. Кн. 2.
30. Карелин Г.С. Путешествия Г.С. Карелина по Каспийскому морю. СПб., 1883. (Записки Имп. Рус. Геогр. Общества по общей географии. Т. 10).
31. Ажигали С.Е. Очерк культурного наследия Арало-Каспийского региона. Электронное научное издание Альманах Пространство и Время. Т. 5. Вып. 1. Часть 2 • 2014 Пространство и время Каспийского диалога
32. Рапопорт Ю.А., Неразик Е.Е., Левина Л.М. В низовьях Окса и Яксарта. Образы древнего Приаралья. М.: Индрик, 2000.
33. Терлецкий Н. С. Места паломничества и поклонения и доисламские традиции в Центральной Азии // *Центральная Азия. Традиция в условиях перемен*. Вып. I. СПб.: Наука, 2007. С.71–98.
34. Мұқтарұлы М. Жотасы биік Дендерім (тарихи-танымдық шежіре кітабы). Атырау: «Ағатай» баспасы, 2010. – 306 бет.
35. Әбілпейісов Ж. Арыстан әулие. // *Дана*. – 2013. – №8 (9). – қазан. – 35 – 38 бб.
36. Хасанов Қ. «Байғұтты-Шолаққамыс батырлары», Орал, 2003.
37. Избасарұлы С. «Имам жаңсақ айтты ма?» // «Орал өңірі», 2006, 23 қыркүйек, №121 (18828).
38. Бөкей Ордасы ауданы. Энциклопедия, Алматы, «Арыс» баспасы, 2011 жыл
39. DeWeese, Devin. **Islamization and Native Religion in the Golden Horde: Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition**. Pennsylvania State University Press, 1994.
40. Суфизм в Казахстане: Исторические аспекты и современное состояние*. Алматы: Издательство КазНУ, 2018.
41. Нуртазина, Н. Исламизация средневекового Казахстана и роль суфизма. Учебное пособие. Алматы: Smart University Press, 2023. – 262 стр.
42. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992. — 176.

43. Ларина Е.И. Национальное самосознание и традиционные социальные институты в Центральной Азии // Вестник Московского университета. Сер. 8. История. 2012. № 4. С. 66–90
44. Жукова Л.К. Левтеева Л.Г. Западный Казахстан глазами путешественника (Дневник М.Н. Чернышевского 1899 г.) // Изв. АН КазССР. Сер. обществ, наук. 1974. № 4.
45. Ажигали С.Е. Древности «страны-кратера»: об истории и культуре кочевого Арало-Каспия. Алматы, 2006.

References:

1. Bronevsky S.B. Zapiski general-maiora Bonevskogo o Kirgiz-kaisakah Srednei Ordy // Отечественные записки. [Notes of Major General Bronevsky about the Kirghiz-Kaisaks of the Middle Horde // Otechestvennye zapiski] — SPb., 1830. — Ч. 41–43.
2. Privratsky, B. Muslim Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory. Richmond: Curzon, 321 p. <https://doi.org/10.4324/9781315028293>
3. Adzhigaliev S.I. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм). [Adzhigaliev S.I. Genesis of traditional burial and cult architecture of Western Kazakhstan (based on the study of small forms).] - Алматы: «Фылым», 1994. - 354 с.
4. АДМ (Азмұханова А.М. Далалық материалдар, жүргізілген сұхбаттар бойынша жазбалар. Маңғыстау, Атырау облыстары бойынша, 2024 ж.)
5. Артыкбаев Ж., Нурдаулетова Б.И., Аймұхамбет Ж.Ә., Төлеген Б., Моллаканатұлы С., Кулбаев Н., Сапарбайқызы Ш., Шохаев М. Маңғыстау сакралды мәтіндерінің концептуалды кеңістігі: монография. - Астана: MAGZHAN, 2022. – 240 б.
6. Нұртазина, Н.Д. Қазақы мұсылмандық дәстүрдің генезисі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 168 б.
7. Абашиин С.Н. «Семь святых братьев» // Подвижники ислама: культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе. Сост. С.Н.Абашиин, В.О.Бобровников. Москва: «Восточная литература РАН». 2003. - 336 с.
8. Гербер И. Г. Журнал о путешествии из Астрахани в Хиву и Бухару 1732 г. // История и культура Атырау в русских источниках (XVIII—XX вв.). Том 1. — Атырау, 2014.
9. Лэнг Р. М. *Sufism and the Islamic World*. New York: Oxford University Press, 2002.
10. Ригби, Г. И. *Этнография исламского мира: религиозные практики и социокультурные изменения*. Москва: Восточная литература, 2010.
11. Уоттс, Дж. Sufi Orders in Central Asia: Social and Political Influence. London: Routledge, 2003.
12. Әжіғали С. Е. Памятники Манкыстау и Устюрта: книга-альбом. – Алматы: Өнер, 2014. – 504 с.
13. Әжіғали С.Е. Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм). – Алматы: Фылым, 1994. – 260 с.
14. Абдирахманов Б. Суфийский путь Бекет ата. Алматы: Нурлы алем, 2010
15. Дастанов О. Әулиелі жерлер туралы шындық. Алматы, 1967. С. 47—48.
16. Жылқышыұлы Ж. Бекет Ата туралы аңыз-әңгімелер. Жас Алаш. №75, 21 қыркүйек 2010.
17. Vigozhin U. – Beket Ata: Reimagination of Sainthood in Contemporary Kazakh Hagiographies// Archives de sciences sociales des religions. Janvier-Mars, 2022, PP. 145-167
18. Кекілбаев Ә. Ел Иесі Жер Кіесі. «Бекет Ата», Алматы, 1994. 6-бет.
19. Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары/ Құрастырушылар: М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек. – Астана: «KUL TEGIN», 2001. – 356 б.
20. Тұрлыбек Д. Бекет Ата жолымен. // Кітапта: Бекет Ата. Ақтөбе: Насихат, 2010. – 748 б. – 124-127-бб.
21. Кондыбай С. Эстетика ландшафтов Мангистау. // Полное собрание сочинений Т.5. – Алматы: Арыс, 2008. - С.284-452
22. Қалменов М.О. Көшпайұлы «Маңғыстау жер асты мешіттері». Алматы, «Орхон» баспа үйі – 2010.

23. Қондыбай С. «Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары», «Арыс» баспасы-2007.
24. Медоев А. *Подземная архитектура кочевников полуострова Мангышлак* // Простор. 1969. № 6. С. 3—4.
25. Маңғышлақта өмір сүрген және өлген киелі ханафие секталары жайында адайлардың аңыздары. // *Кавказ тау халқы туралы мәліметтер жинағы. 7 шығарылым. Тифлис, 1873;*
26. Сейсем Ата қорымының араб жазуындағы эпиграфикасы / Құрастырушылар Ә.Қ. Муминов, А.Ш. Нұрманова, А.К. Құлбаев. *Консультант Мақсұт Нұрқабает. Астана: Foliant, 2015 («Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштері» сериясы, 2-кітап).*
27. Муминов Ә.Қ., Нұрманова А.Ш. *Шақпақ Ата жерасты мешіті және қорымы эпиграфикасы. Консультант Мақсұт Нұрқабает. Алматы: Daik-Press, 2009 («Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштері» сериясы, 1-кітап).*
28. Мендикулов М.М. *Памятники архитектуры полуострова Мангышлака и Западного Устюрта. АлмаАта, 1956.*
29. Григорьев В.В. *Описание Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковской крепости // Записки Императорского Русского Географического Общества. 1861. Кн. 2.*
30. Карелин Г.С. *Путешествия Г.С. Карелина по Каспийскому морю. СПб., 1883. (Записки Имп. Рус. Геогр. Общества по общей географии. Т. 10).*
31. Ажигали С.Е. *Очерк культурного наследия Арало-Каспийского региона. Электронное научное издание Альманах Пространство и Время. Т. 5. Вып. 1. Часть 2 • 2014 Пространство и время Каспийского диалога*
32. Рапорт Ю.А., Неразик Е.Е., Левина Л.М. *В низовьях Окса и Яксарта. Образы древнего Приаралья. М.: Индрик, 2000.*
33. Терлецкий Н. С. *Места паломничества и поклонения и доисламские традиции в Центральной Азии // Центральная Азия. Традиция в условиях перемен. Вып. I. СПб.: Наука, 2007. С.71—98.*
34. Мұқтарұлы М. *Жотасы биік Дендерім (тарихи-танымдық шежіре кітабы). Атырау: «Ағатай» баспасы, 2010. – 306 бет.*
35. Әбілпейісов Ж. *Арыстан әулие. // Дана. – 2013. – №8 (9). – қазан. – 35 – 38 бб.*
36. Хасанов Қ. *«Байғұтты-Шолаққамыс батырлары», Орал, 2003.*
37. Избасарұлы С. *«Имам жаңсақ айтты ма?» // «Орал өңірі», 2006, 23 қыркүйек, №121 (18828).*
38. Бөкей Ордасы ауданы. *Энциклопедия, Алматы, «Арыс» баспасы, 2011 жыл*
39. DeWeese, Devin. **Islamization and Native Religion in the Golden Horde: Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition**. Pennsylvania State University Press, 1994.
40. *Суфизм в Казахстане: Исторические аспекты и современное состояние**. Алматы: Издательство КазНУ, 2018.
41. Нуртазина, Н. *Исламизация средневекового Казахстана и роль суфизма. Учебное пособие. Алматы: Smart University Press, 2023. – 262 стр.*
42. Мустафина Р. М. *Представления, культы, обряды у казахов Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992. — 176*
43. Ларина Е. И. *Национальное самосознание и традиционные социальные институты в Центральной Азии // Вестник Московского университета. Сер. 8. История. 2012. № 4. С. 66–90*
44. Жукова Л.К. Левтеева Л.Г. *Западный Казахстан глазами путешественника (Дневник М.Н. Чернышевского 1899 г.) // Изв. АН КазССР. Сер. обществ, наук. 1974. № 4.*
45. Ажигали С.Е. *Древности «страны-кратера»: об истории и культуре кочевого Арало-Каспия. Алматы, 2006.*